

*F. Қ. Табынбай, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының
3-бағам тыңдаушысы*

*Фылыми жетекшісі: А. А. Жүкібаев, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қараған-
ды Академиясының қылмыстық іс жүргізу кафедрасының бастығының
орынбасары*

ЖЕКЕ КЕПІЛДІК

Қазіргі кезеңде заңдылықты нығайту, экономикалық және қоңамдық қатынастарды да-
мыту ең нақты міндеттердің бірі болып табылады. Қылмыспен күрес жолында құқық қорғау
органдарының қызметкерлері тергеуші заңдылықты бұлжытпай орындау үшін ҚДЖК бас-
шылыққа ала отырып жұмыс жүргізуі тиіс. Яғни сондықтан заңнамадағы кеткен қателіктер
мен кемшіліктер, толықтырулар мен езгерістер болып отырады. Себебі адамның даму жүйесі

каркынды қадам басуда. Мемлекет құқық қорғау органдарының қызметкерлері бұқара халықтың еңбек ұжымдары мен қоғамдық ұйымдарының қолдауы мен көмегіне сүйене отырып, адам мен азаматтардың конституциялық заңнамада, өзгеде құқық нормаларында, жай заңдарда белгіленген құқықтар мен міндеттерді сақтай отырып өз өкілеттіліктерін жүзеге асыруға тиіс. Адамның құқықтары мен бостандықтары конституцияда қорғалған. Сондықтан біздің заңнамаға өзгерістер қажет. Қылмыстық іс жүргізу міндеттері: қылмыстарды тез және толық ашу. Жеке кепілдік бұлтартпау шарасының түрі болғандықтан біріншіден бұлтартпау шаралары деп айыпкердің жауапкершіліктен жалтаруына жол бермеу үшін тергеушінің қолданатын шарасын айтамыз. Яғни бұлтартпау шарасында көрсетілген мақсаты жеке кепілдікке айыпкерге жүктелетін міндеттемелердің бірі. Нақтырақ айтсақ, бұлтартпау шарасы дегеніміз айыпкердің бас бостандығына шек қоятын, құқықтарын қолдануына кедергі келтіретін, айыпкердің жауапкершіліктен жалтаруына жол бермейтін тергеушінің қолданатын шарасының бір түрі. Мұнда аталған жағдай, яғни айыпкердің жауакершіліктен жол бермейтін міндетті қамтамасыз ету. Соған байланысты бұлтартпау шараларын соның ішінде «жеке кепілдік» қолдану барысында, яғни сенімге ие болған адамдардың олар сезіктінің немесе айыпталушының өзін дұрыс ұстаудың және олардың қылмыстық процесс жүргізу органдарының шақыруы бойынша келетіндігіне кепілдік беретіндігі туралы жазбаша міндеттемеден тұрады. Мұнда екі сұрақ туындаиды: бірінші, кепілдік берушіге нақты қандай міндеттеме жүктеледі? екінші сұрақ: екінші міндеттемеге сәйкес қандай шаралар тізімі бар? Осы қылмыстық іс жүргізу кодексінің 145 бабының бірінші бөлілігінде кепілдік берушіге заңнама екі міндеттеме жүктейді:

Белгіленген мерзімде айыпталушының анықтаушыға, тергеушіге немесе сотқа дир кезінде келуін қамтағасыз ету. Яғни ҚДЖ органының хабрдар ету арқылы;

Айыпталушының қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге кедергі келтірмейтін мінез құлқын қамтамасыз ету. Яғни тергеу органдарынан жасырынуы бой таласуы, іс дәлелдемелері жасыруға және жоюға бағытталған ірекеттер және іс бойынша жетуді күрделендіру мақсатында жәбіленуші, куәні қорқыту мен қоқан локқы әрекеттер.

Кепіл берушінің кінәлілігін анықтау үшін нақты дәлелдемелер қажет. ҚДЖК 19 бабына сәйкес айыпты үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол ақиқат дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығымен расталуы тиіс.

Bірінші аталған міндеттемеге сәйкес егер хабардар етілмеген жағдайда кінә кепілдік берушіден болмайды. Себебі табиғи апат, техногенді апат тежеу келтіре алмайтын құбылыстар мен күштерді анықтау қажет. Ал егер хабардар етсе онда кепіл беруші өз міндеттерін орындаған болады.

Екінші міндеттемеге сәйкес сезіктінің мінез құлқын қамтамасыз ету үшін кепіл берушіге нақты шаралар көрсетілуі керек. Сол жағдайдағанда кепіл берушінің іс-әрекетінің кінәләләгән анықтау мүмкін болады. Шаралар:

Сезікті тұратын мекен жайын ауыстырған жағдайда ол туралы кепілдік беруші қылмыстық процес органына хабарлау қажет;

Кепілдік берушігінде белгілі қадағалау уақыты көрсетілуі тиіс және оның нәтижесі туралы ҚДЖ органына мәлімдеу;

Жәбіренеші, куәмен және өзге де іске мүдделі адамдармен байланыс іс әрекетін болдырмау;

Дәлелдемелерді жоюға бағытталған іс әрекет туралы дер кезінде хабарлау;

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 145 бабының 5 бөлігіне сәйкес кепіл беруші міндеттемелерді орындаған жағдайда ақшалай айыппул өндіріп алу үшін ҚДЖК 160 бапқа сілтеме жасалған. Ол әкімшілік құқық бұзушылық заңнамасымен реттеледі. Біз қылмыстық заңнамамен реттелетін іс әрекетті қалай әкімшілік заңнамасымен жауапкершілік жүктейміз? Онда кепіл беруші нақты әкімшілік құқық бұзушылық іс әрекет жасауы керек, сондағанда біз әкімшілік заңнамамен реттейміз.